

**"Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 347 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 24 қазандағы № 144 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 қарашада № 6014 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 7 ақпандағы № 300 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 07.02.2019 № 300 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 347 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5404 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 22 наурызда "Сыр бойы" №42 және "Қызылординские вести" №42 газеттерінде жарияланған, "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 21 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің тақырыбы келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы"

аталған шешімнің 1-тармағы келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қосымшаға сәйкес Қызылорда облысы азаматтарының жекеленген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттар қосымша берілсін";

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін берілетін дәрілік заттар

№	Ауру түрі	Халық санаты	Дәрілік заттарды тағайындау үшін айғақтар (дәрежесі, сатысы, ауыр ағым)	Дәрілік заттардың атаулары (шығару нысаны)
1	Басқа көріністі жылауықты фиброз (муковисцидоз)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	- Тобрамицин (сыртқы нысан) 300 мг/5 мг - Ацетилцистеин 100мг, 200 мг - ортатізбелі триглицеридтері бар толыққанды құнарлы қоспа. (Сусын немесе қосымша тамақтануға, сондай-ақ энтералді зонд ретінде қолдануға арналған. 3-жастан жоғары балаларға және ересектерге тағайындалады)
2	Идиопатикалық және екіншілік өкпе артериясының гипертензиясы		II, III, IV сатысы	- Силденафил 25 мг, 50 мг - Бозентан 125 мг
3	Аяқтың эмболиясы және тромбозы		Басқа антикоагулянттық дәрі-дәрмектерді қолдану мүмкін болмағанда	- Ривароксабан 10 мг, 20 мг - Эноксапарин Натрия 0,6 мг
4	Ювенильді идиопатиялық артрит		Аурудың полиартритикалық формасы мен жүйелер бойынша зақымдану клиникалық белгілерінің болуы, этиотропты генді-инженерлік биологиялық препаратты ем ретінде қолдану	- Адалимуаб, инъекцияға арналған е р і т і н д і 40 мг / 0,8 мл
5	Буллезды эпидермолиз		Өмір сүру ұзақтығын және өмір сапасын жақсарту	- Таңып-байлау материалдары

Аббревиатураның толық жазылуы: мг – миллиграмм, мл - миллилитр